

2015 жылға субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 154 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 5760 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және басым ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынылатын оңтайлы себу мерзімдері туралы 2015 жылғы 26 мамырдағы № 1-137 хаты негізінде Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тізімге қосу үшін өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері 2015 жылғы 29 маусымнан бастап 7 шілдеге дейін а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу м е р з і м д е р і а й қ ы н д а л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ә. С а д у а қ а с о в қ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 25 сәуірден бастап туындағын қатынастарға таратылады.

Меңдіқара ауданының әкімі

В. Ионенко

Ә к і м д і к т і ң

2015

ж ы л ғ ы

10

ш і л д е д е г і

№ 154 қаулысына қосымша

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрі	Оңтайлы себу мерзімдері
жаздық бидай	15 мамырдан 12 маусымға дейін;
күздік бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін;
жаздық қатты бидай	18 мамырдан 05 маусымға дейін;
сұлы	15 мамырдан 15 маусымға дейін;
арпа	15 мамырдан 15 маусымға дейін;
тары	20 мамырдан 15 маусымға дейін;
қарақұмық	20 мамырдан 15 маусымға дейін;
күздік қара бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін;
бұршақтұқымдас дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін;
күнбағыс	10 мамырдан 05 маусымға дейін;
рапс	20 мамырдан 08 маусымға дейін;
зығыр	12 мамырдан 05 маусымға дейін;
мақсары	10 мамырдан 02 маусымға дейін;
қыша	22 мамырдан 08 маусымға дейін;
арыш	жаздық - 18 мамырдан 08 маусымға дейін, күздік – 25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін;
қытай бұршақ (соя)	18 мамырдан 05 маусымға дейін;
картоп	05 мамырдан 10 маусымға дейін; (тамшылатып суару)
көкөністер	25 сәуірден 15 маусымға дейін; (тамшылатып суару)
бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін;
сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан 05 маусымға дейін;
сүрлемдік жүгері	15 мамырдан 05 маусымға дейін; (суаруға)
жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші , екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 01 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 05 шілдеден 31 тамызға дейін; (суаруға)
шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 01 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 05 шілдеден 31 тамызға дейін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК